

Түркістан Облысы Төлеби ауданы
ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақша

Әкімшілік жиналысының хаттамалары

2024-2025ж

**Әкімшілік жиналыс хаттамасы
№1 хаттама**

Өткізілген күні: 05 –қыркүйек. 2024жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: Себепсізі:

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
4. Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ересек топтарда

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжаймеңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Қ.Тасымбекова сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтып, таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2024 – 2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

Жарыссөзге шыққандар: медбике Ыдырыс А сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші А.Самбетовасөйлеп, биылғы оқу жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрақ қойып, жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиеші Сыдықова Ә сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі жаңа оқу жылында жабық форматта, ата – ананың қатысуынсыз өтіп, барлық топтың жас

ерекшеліктеріне қарай Білім күнінің маңыздылығы, мәні туралы тақырыптық сабақ өткізілгенін айтып, өткізілген тәрбие жұмысының мақсаты мен барысы айтып туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер **Ешімкүл А** сөйлеп, карантиндік шектеу шаралары кезеңінде оқу – тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп ізденіп, тәжірибе жинақтау керек екені жайлы ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиеші **И.Тоғусбаева** сөйлеп, жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырды. Педагогтар әр топта өтілетін ертеңгіліктерді бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері **А.Ешімкүл** сөйлеп, ортаңғы топтарда салыстырмалы бақылау нәтижесі жайлы айтты. Ортаңғы «Көгершін» және «Көжек» топтарында үлгілік оқу бағдарламасын балалардың меңгеру деңгейі, тәрбиешінің оқыту әдістемесі, балалардың өз алдына жұмыс істеу қабілеті, тәрбиешілердің іс – құжаттарды жүргізуі, ата-аналармен байланыс, апталық циклограмма бойынша жүргізілетін барлық оқу – тәрбие жұмыстары салыстырылып, анықтамасы жазылғанын және оқу жылының ортасында тағы да салыстыру жұмыстары болатынын айтты.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Бөбекжайдың оқу – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін
4. Ортаңғы топтардағы салыстырмалы бақылау нәтижесі жақсы деп бағаланып, салыстырмалы бақылау жалғастырылсын

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



**Әкімшілік жиналыс хаттамасы
№2 хаттама**

Өткізілген күні: 10 – қазан. 2024жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, психолог және балабақша тәрбиешілері

Қатысқандар саны: 16

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: 1 **Себепсізі:** жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартына талаптарына сәйкес ұйымдастырылған әрекеттер жоспарының жазылу үлгісін талдау.
2. Ұйымдастырылған іс – әрекет мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Баккелдиева сөйлеп, биылғы жаңа мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған іс- әрекет жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта перспективалық жоспар және циклограмма қалай құрылатыны көрсетіледі. Үлгілік бағдарламадағы міндеттер балаларға ойын ойнату арқылы орындайды деді. Іс – әрекеттердің уақытына шектеу қойылмайтынын және баланың қызығушылығына қарай күнделікті ойын түрінде жүргізілетінін түсіндірді. Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар, жұмыстар жоспарланатынын айтып өтті. **Жарыссөзге шыққандар:** Тәрбиеші Ж.Кундебаева сөйлеп, вариативтік компонент бөлімін циклограмманың қай уақытына жоспарлайтыны туралы сұрақ қойып жауап алды. **Сөйледі:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша меңгеруші А.Бердібаева сөйлеп, ұйымдастырылған іс -әрекеттер мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті оқу қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Ұйымдастырылған іс - әрекеттердің жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.

2. Ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын

Жиналыс төрайымы:

Қалпұрасва Э

Хатшы:

Ешімкүл А



Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№3 хаттама

Өткізілген күні: 15 - желтоқсан, 2024 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А Бердібаева, әдіскер, медбик, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатыспағандар саны: жок

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы. Жедел бақылау.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру
3. Барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктер сценарийін бекіту
4. "Әке - ана - бала" отбасылық спорттық сайысының қорытындысы

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Усманова сөйлеп, балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады. Қазіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты. Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті. Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр. Топтардың жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты. Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру туралы бөбекжай медбикесі С.Усманова сөйледі. Балабақша қызметкерлерін балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауы үшін қандай нұсқаулықтарды сақтау керектігін айтып, ережемен таныстырды. Балаларды серуенге алып шығар алдында ойын алыңының, жолдардың мұз қатып, сырғанақ болмауын, шатырлаардан мұз тамшыларының құлау қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізіп, міндетті түрде тексеріп шығу керек. Балалардың қауіпсіздік ережесінің сақталуы үшін ғимаратқа жақын жерде ойнатпау керек деді. Балаларды қыс мезгіліне сай жылы, әрі ыңғайлы, аяқ киімдері сырғанақ болмауы керектігі туралы ата - аналармен сөйлесуге кеңес берді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші З.Мырзакулова сөйлеп, қыс мезгілінде балаларды серуенге алып шыққанда балаларды киіндіруге кіші топтарға көп уақыт кететіндіктен, пән мұғалімдері киіндіруге көмек берсе деген ұсыныс айтты. Ұсынысты қызметкерлер түгел қолдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші сөйлеп, барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің сценарийлерінің мақсатымен, барысымен таныстырды. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, Жаңа

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№4 хаттама

Өткізілген күні: 09.01.2025жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, медбике, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 16

Қатыспағандар саны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгілік қорытындысы
2. Табиғат бұрышының жағдайы

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кенесті бөбекжай меңгерушісі Г.Кулбаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселебалабақша тәрбиеші А.Самбетова сөйлеп,барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің өткізілу барысымен таныстырды.Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Акшақар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысып, қызықты өтуіне әсерін тигізді. Кейіпкерлер ойындар ойнатып, тапсырмалар орындатып, ертегі оқиғасы бойынша жүргізілгені балаларға қызықты болды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Сванбек Ұсөйлеп,Жаңа жылдық ертеңгіліктер әрине көңілді, қызық өтілді.Ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші Сариева Р Жаңа жыл ертеңгіліктері балаларға көтеріңкі көңіл - күй қуаныш сыйлайтындай жақсы дәрежеде өтілді деді. Жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Тәрбиеші И.ТогусбаеваЕртеңгіліктер барысында балалар сахнада қалай тұруды, қалай өнерлерін көрсетуді үйренгенін айтты.Балалардың би билеп, ән айта білуіне көп көмегі тиді деді. тәрбиешілердің еңбегі көп екенін айтып, ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалап өтті.

Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева сөйлеп ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айтып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Ешімқұл сөйлеп, бөбекжайдағы табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты.Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме гүлдері, гүлдерді күтіп баптауын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүруде деді.Алайда тірі жануарлар бұрышы жоқ, яғни құстар, тышқандар, балықтар т.б. жоқ болып тұр. жануарлар бұрышын қалай ұйымдастырсақ деген ұыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар:А.Самбетова табиғат бұрышына арнайы қаржы бөлінбегендіктен жасай отыра алмағандарын және әрине тірі бұрыш болса

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы
№5 хаттама

Өткізілген күні: 09 - наурыз . 2025- жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева , әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 29

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Ана өмір шуағы» «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы
4. Тақырыптық бақылау. МАД «Балапан» тобындағы кешенді бақылау қорытындысы

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселебалабақша тәрбиешілері сөйлеп, «Аяулы анашым»«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесі ертеңгілігінің сценарийлерімен таныстырды. Аяулы анашым, Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай өнер түрлерін көрсететінін, қандай әндер, билер орындайтынын және қандай ертегі кейіпкерлері, Қызыр баба, Наурыз қыз кімдер болатыны жайлы ақылдасты.Қазақ халқының ертегі желісі бойынша, салт – дәстүрлерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарымызды көріністер ретінде балаларды қатыстырып көрсетсек деп жоспарлап отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, ойларын айтып келісті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер А.Ешімқұл сөйлеп, Қызыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бұйымдардан ойыншық немесе ұлттық бұйым берілсе деген ой айтты.Аяз атаны күткендей балалар Қызыр бабаны күтіп, сағынып, Наурыз мерекесінің мәнін түсініп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тәрбиеші Баккелдиева Айнұр сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Меңгерушісі Г.Кулбаевасөйлеп, еліміздегі шектеу шараларына байланысты ертеңгілікке ата – аналардың қатыспайтынын және балалардың көрсеткен өнерлерін ата – аналардың чатына салуды тапсырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі Дайрова Карима сөйлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстырды.Бөбекжайда әр оқу жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айтып берді.Апат кезіндегі сыртқа шығу

картасымен таныстырды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдарен сөйлеспеу, шақырса бармау, тәтті берсе жемеу, от шығатын заттармен, қауіпті заттарен ойнамау туралы үнемі әңгіме жүргізу керектігі туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші көмекшісі Э.Бегимкулова өрт сөндіргіш баллонды қалай қолдану жайлы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике С.Усмановасөйлеп, балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сүрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айтылып кететінін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Г.кулбаева сөйлеп, Мектепалды даярлық «Даниял» тобындағы кешенді бақылау қорытындысы туралы сөйледі. Балабақшадағы бақылау тәрбиелеу мен білім беру процесінің МЖМБС міндеттері мен мақсаттарына, МДҰ жарғыларына, сондай-ақ жалпы мемлекеттік қондырғыларға сәйкестігін анықтау үшін жүргізілетін бақылау және тексеру жүйесі екенін және балабақшадағы бақылау кезінде тәрбиешілердің қызметін талдауға ерекше назар аударылатынын айтып өтті. Мектепалды даярлық «Даниял» тобындағы тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына, ойыншықтармен, көрнекіліктермен, ойын аймақтарымен, кітаптармен, дамытушы ортаның дидактикалық материалдармен жабдықталуына, ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарға, балалардың даму мониторингі жасалып, жеке даму картасы бойынша жұмыстардың толыққанды жүргізілуіне жан-жақты бақылау жүргізілгенін айтты..

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. «Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийі бекітіліп, қашықтықтан өткізілсін.
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы » деп бағалансын.
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапқа сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

Жиналыс төрайымы: Ә.Ә. Әшқолжаева М
Хатшы: К.Ә. Қалшыраева Э



Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы.
№6 хаттама

Өткізілген күні: 30 – мамыр 2025- жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Бердібаева, әдіскер, медбике, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 27

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.«Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды құммен толтыру

Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі Ж.Муздыбаева ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ересек «Көгершін » тобының тәрбиешісі Сариева Р «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтіне Дымбілмес жол ережесін бұзғанын, жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеске жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен таныстарғанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Бегайдарова Айнұр ойын- сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын.

Тәрбиеші :А.Асылбекова «Жолда жүру ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақжолдан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Көжек» тобының тәрбиешісі Мирзаханова С сөйлеп, «Қош бол, сүйікті балабақшам!» ертеңгілінің сценариймен, барысымен таныстырды. Ертеңгілікте

балалармен жыл бойы дайындаган өнерлерін, билерін, әндерін, такпактарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкеріне алғыстарын білдіреді.

Жарыссөзге шыққандар: ересек «Балапан» тобының тәрбиешісі А. Темірбекова сөйлеп, бұл ертеңгілікке балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында математика негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінен әртүрлі тапсырмалар орындап, дидактикалық ойындар қосылатынын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер сөйлеп, I маусым балаларды қорғау күніне арналған «Мен бақытты балдырған» атты ертеңгілігі бөбекжайдың ауласында өткізілсе деген ұсыныс білдірді. Ертеңгіліктің сценариймен таныстырып, билер, әндер, түрлі қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай әдіскері А. Баккелдиева «I-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің бөбекжай ауласында өтетінін, санитариялық талаптарды, ара қашықтықты қатаң сақтай отырып, барлық балалары қатысатынын және бүлдіршіндерге бөбекжай әкімшілігі тарапынан сыйлықтар, дәрумендер берілетінін айтып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Баккелдиева жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шаралармен таныстырды.

Педагогтар бекітілсін деп бір ауыздан қолдады.

Жарыссөзге шыққандар: шаруа меңгерушісі К. Дайрова жаз мезгіліндегі тағамның сапасымен әртүрлі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағалансын.

2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийі бекітілсін.

3. «I маусым - Балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің сценарийі бекітілсін.

4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: **Эшходжаева М**
Хатшы: **Калшұраева Ә**

